

Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 21 тамыздағы № 330 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Алматы қаласы Мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М. Отыншиев

Алматы қаласы мәслихатының 2026

жылғы 21 тамыздағы № 330

шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Алматы қаласының Құрметті азаматы" атағын беру туралы Ережені бекіту туралы" IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 450 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 900 болып тіркелген).

2. "IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 450 "Алматы қаласының Құрметті азаматы" атағын беру туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" V сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 257 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1088 болып тіркелген).

3. "IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының "Алматы қаласының Құрметті азаматы" атағын беру туралы Ережені бекіту туралы" 2011 жылғы 29 маусымдағы № 450 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2016 жылғы 16 қыркүйектегі шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1314 болып тіркелген).

4. "IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXIV сессиясының "Алматы қаласының Құрметті азаматы" атағын беру туралы Ережені бекіту туралы" 2011 жылғы 29 маусымдағы № 450 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының LIV сессиясының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 394 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1584 болып тіркелген).

5. "Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 450 "Алматы қаласының Құрметті азаматы" атағын беру туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясының 2024 жылғы 21 ақпандағы № 88 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1754 болып тіркелген).